Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 16 қаңтар №2а-1621/24 Түркістан қаласы

Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья Н.З.Биболов,

алқа судьялары К.Ж.Жаппасова пен А.Б.Бекботаев,

сот отырысының хатшысы Ж.И.Кадыроваңың отыруында,

талап қоюшының өкілі М.Н.Анарбаевтың,

жауапкердің өкілі К.Т.Сарсембаевтың қатысуларында,

мобильдік және бейнеконференц байланыс арқылы өткен ашық сот отырысында талап қоюшы «Арман санаторийі» акционерлік қоғамының жауапкер дара кәсіпкер «Ю-Ком» Гузенко Максим Викторовичті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы электронды азаматтық ісін,

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі шешіміне жауапкердің берген апелляциялық шағымымен қарап,

АНЫҚТАДЫ:

«Арман санаторийі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Акционерлік қоғам) сотқа жоғарыдағы талап қоюмен жүгініп, оны жауапкер дара кәсіпкер «Ю-Ком» Гузенко Максим Викторовичтің (бұдан әрі ДК «Ю-Ком») мемлекеттік сатып алу келісім шартының талаптарын тиісінше орындамағанымен негіздеген.

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен Акционерлік қоғамның талап қоюы қанағаттандырудан бас тартылған.

Апелляциялық шағымында талап қоюшы сот шешімінің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруды сұрап, оны бірінші сатыдағы сот істің мән-жайларына дұрыс құқықтық баға бермей, материалдық және процестік құқық нормаларын дұрыс қолданбағанымен, сот түйіндерінің істің мән-жайларына сәйкес келмейтіндігімен негіздеген.

Тараптар өкілдерінің түсінігін тыңдап, іс құжаттарын және апелляциялық шағымның уәждерін зерделеп, алқа төмендегі түйінге келді.

Іс құжаттарына қарағанда, тараптардың арасында 2024 жылғы 6 мамырда тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №Г/З 24-88 шарты (әрі қарай - Шарт) жасалған.

5199-24-3-2/1629

Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

Шарттың 2.1-тармағына сай, оның жалпы сомасы тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстар мен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде қосымша құн салығын қоса алғанда 2 939 848,80 теңгені құрайды.

Осы шартқа және оның ажырамас бөлігі болып табылатын №1-қосымшасына сай, жауапкер ДК «Ю-Ком» талап қоюшы Акционерлік қоғамға 1 дана маркасы Д-320-70, қозғалтқыш 75кВт, 1500айн/мин ортадан тепкіш сорғыны өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 16 күн ішінде жеткізуі тиіс болған.

Шарттың 3.1.тармағының 3) тармақшасына сәйкес, ДК «Ю-Ком» шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1-қосымшасында көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенген.

Шарттың 8.1-тармағына сәйкес, шарттың қолдану мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан деп белгіленген.

Акционерлік қоғам 2024 жылғы 16 шілдеде шарт бойынша тауар жеткізу туралы ДК «Ю-Ком» тапсырыс берген.

Жауапкер ДК «Ю-Ком» 2024 жылғы 25 шілдеде Акционерлік қоғамға маркасы 1Д-315/71, қозғалтқыш 110кВт, 3000айн/мин ортадан тепкіш сорғыны жеткізген.

Көрсетілген тауардың техникалық сипаттамалары шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1-қосымшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келмегендіктен 2024 жылғы 25 шілдеде тараптар өкілдерінің қатысуында тауарды қабылдамау туралы акт түзілген.

Шарттың талабын тиісінше орындамағандықтан, Акционерлік қоғам 2024 жылғы 12 тамызда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы шартты бір жақты бұзу туралы хабарлама жолдаған.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде шарт бойынша жеткізілуі тиіс болған маркасы Д-320-70 ортадан тепкіш сорғы шығарылмайтындықтан сапасы мен техникалық сипаттамасы жағынан жоғары маркасы 1Д-315/71 сорғысы жеткізілгенін көрсеткен.

Бірінші сатыдағы сот жауапкер сапасы мен техникалық сипаттамасы жағынан жоғары тауарды жеткізгенін, тауарды жасап шығарушы заводтың хабарламасына сай, тауарлардың барлық техникалық параметрлері бірдей екенін ескеріп, шарттың 4.2. тармағына сай, шарт шеңберінде жеткізілген тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс деген талабын негізге алып, сондай-ақ, адалдық пен парасаттылдық өлшемдерін ескеруге жатады деп, талап қою қанағаттандырудан бас тартуға жататындағы туралы тұжырымға келген.

Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

Алқа соттың бұл қорытындысы істің мән-жайлары мен даулы құқықтық қатынастарды реттейтін материалдық және процестік құқық нормаларына қайшы келеді деп санайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273-баптарына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабы 1-тармағына сай міндеттемені бұзу деп, оның орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы (мерзімінде) түсіндіріледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілуге жатады.

Бірінші сатыдағы сотта анықталған және іс құжаттарымен бекітілгендей, жауапкер ДК «Ю-Ком» жеткізген тауардың техникалық сипаттамалары шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1-қосымшасыныда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген.

Атап айтқанда, маркасы Д-320-70, қозғалтқыш 75кВт, 1500айн/мин сорғысының орнына маркасы 1Д-315/71, қозғалтқыш 110кВт, 3000айн/мин сорғыны жеткізген.

Көрсетілген тауарлардың техникалық сипаттамаларына қарағанда, олардың энергия тұтынуында, айналу жылдамдығы мен қуатында ерекшіліктер болған, сондай-ақ, тауарды шығарушы «ГСМ ЛИВГИДРОМАШ» акционерлік қоғамының 2024 жылғы 1 тамыздағы №1318/61-10-1/5 хабарламасына сәйкес, жоғарыда көрсетілген сорғылардың көлемі мен қосылу өлшемдері сәйкес келмейді.

Бұл орайда, талап қоюшы өкілінің жеткізілген тауарды қабылдамау себебі көлемі мен қосылу өлшемдері, қуаты жағынан алдын қолдануда болған маркасы Д-320-70, қозғалтқыш 75кВт, 1500айн/мин сорғысы қажет болғаны, ал жеткізілген сорғының техникалық сипаттамалары оған сәйкес келмеуіне байланысты қолдануға мүмкін болмағандығы туралы уәждері ескерілуге жатады.

Заңның 22-бабына сай, конкурстық құжаттаманы бекітудің міндетті талабы әлеуетті өнім берушілердің конкурстық құжаттаманың жобасын алдын ала талқылауы болып табылады.

Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландыру орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмей тапсырыс берушіге, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушыға жіберілуі мүмкін.

Конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салулар болмаған кезде, конкурстық құжаттаманы бекіту туралы шешім қабылданады.

Сот алқасымен анықталғандай, жауапкер ДК «Ю-Ком» конкурстық құжаттаманың жобасына ескертулер, сондай-ақ конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салмай, оның талаптарымен келісіп, өз бастамасымен шартқа қол қойған және сотта шарттың талаптарын дауламаған.

Тараптармен шарттың 12 тармағында көрсетілген тәртіппен шарт талаптары өзгертілмеген.

Істің мұндай тұрғысында, жауапкер шарттың талабын орындап, тауарды жеткізген деп тұжырым жасап, мәселені шешуде әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын ескеруге құқықтық негіздер болмаған.

Сот алқасы бірінші сатыдағы сот басшылыққа алған тауарды шығарушы «ГСМ ЛИВГИДРОМАШ» акционерлік қоғамының хабарламасы Акционерлік қоғамның талабын қанағаттандырмауға негіз бола алмайды деп санайды.

Өйткені, көрсетілген хабарламада талап етілген және жеткізілген тауарлардың техникалық сипаттамаларында ерекшеліктер көрсетілген және жеткізілген тауарды тапсырыс беруші өзінің қызметінде пайдалануына мүмкін болмаған.

Бірінші сатыдағы сот істің осы мән-жайларына тиісті мән бермеген және тараптар арасында туындаған құқықтық қатынасқа қолданылатын материалдық заңды дұрыс қолданбаған, өз кезегінде бұлар іс бойынша заңсыз шешім қабылдауға әкеп соқтырған.

Сондықтан, дау айтылған сот шешімін заңды және негізді деуге болмайды, оның күші жойылып, талап қоюды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығаруға жатады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 610-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сай, мүліктік емес

Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025

сипаттағы немесе бағалауға жатпайтын басқа да талап қою арыздарына 0,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде мемлекеттік баж төленуі тиіс.

Айыппұлдарды қолдану, салықтар мен басқа да төлемдерді есептеу бойынша 2025 жылы айлық есептік көрсеткіш мөлшері 3932 теңгені құрайды.

Сондықтан, алқа АПК-нің 117-бабын басшылыққа алып, жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік баж өндіргенді дұрыс деп санайды.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 423-бабын, 424-бабы 1-бөлігінің 3) тармақшасын, 426-бабын басшылыққа алып, алқа

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2024 жылғы 24 қыркүйектегі шешімінің күші жойылып, «Арман санаторийі» акционерлік қоғамының талап қоюын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылсын.

Дара кәсіпкер «Ю-Ком» Гузенко Максим Викторович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Ю-Ком» Гузенко Максим Викторовичтен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Арман санаторийі» акционерлік қоғамының апелляциялық шағымы қанағаттандырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 436, 440, 441-баптарын сақтай отырып, ол заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде кассациялық тәртіппен Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына дау айту туралы өтінішхат, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап Кассациялық сотқа кассациялық шағым беруге құқылы.

Төрағалық етуші Н.З.Биболов

Судьялар К.Ж.Жаппасова

А.Б.Бекботаев

Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025

Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

5199-24-3-2/1629

Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025

Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025

Құжатқа қол қойылған: Жаппасова К. Ж., 23.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Бекботаев А. Б., 20.01.2025
Құжатқа қол қойылған: Биболов Н. З., 18.01.2025

ЖАДНАМА

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотына кассациялық тәртіпте өтінішхат жіберу кезінде

ТЕКСЕРУІҢІЗ қажет:

I. Өтінішхаттың АПК-нің 434-бабының 2-бөлігінің талаптарына сәйкестігін (кассациялық тәртіппен қайта қаралуға жатпайтын сот актілерінің тізімі);

II. Өтінішхаттың АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкестігін (өтінішхаттың мазмұны). Тапсырма бойынша өкілдік ету АПК-нің 61-бабына сай ресімделеді.

Өтінішхатқа сенімхат, адвокат куәлігі және қорғау (өкілдік ету) туралы жазбаша хабарлама, заң консультанттары палатасына мүшелікті растайтын құжатты міндетті түрде тіркеу қажет.

III. Соттардағы мемлекеттік баж төлеу Салық кодексінің 610-бабына сәйкес жүргізіледі. Соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату Салық кодексінің 616-бабында көрсетілген. Талап қою бағасы АПК-нің 104-бабының талаптарына сай анықталады («Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі № 6 Нормативтік қаулысының 3-тармағы);

IV. Мемлекеттік баж төлеу үшін төлем деректемелері.

Бенефициар: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Есіл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

БСН: 081240013779

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6205

БКК 108126

ТТК 911